



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі  
Коммерциялық емес мекемесінің  
Қадағалаушы кеңесі туралы ереже



АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

«Аккредиттеу және рейтингтің  
тәуелсіз агенттігі» КМ Жалғыз  
құрылтайшысының 2017 жылғы  
«02» мамырдағы № 4 шешімімен  
бекітілді

## Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі Коммерциялық емес мекемесінің Қадағалаушы кеңесі туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (бұдан әрі – Агенттік) коммерциялық емес мекемесінің Қадағалаушы кеңесі туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-ІІ Қазақстан Республикасының Заңына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 маусымдағы № 319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңына, Агенттік Жарғысына, сондай-ақ 2015 жылғы 14-15 мамырда Ереванда Жоғары білім беру министрлері конференциясы мақұлдаған, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар мен нұсқаулықтарға (Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG), (2015), Brussels, Belgium) сәйкес әзірленді.

1.2. Қадағалаушы кеңес білім беру сапасын жоғарлатуға қоғам, мемлекет және бизнес сұраныстарын тиімді қанағаттандыруға бағытталған, тәсілдер, аккредиттеу қызметінде қазақстандық заңнаманы және халықаралық стандарттар талаптарын орындау, сондай-ақ Құрылтайшыға Агенттікті дамытуды стратегиялық басқару және оның қызметіне жан-жақты көмек көрсету саласында ұсыныстарды жасау, қоғамдық бақылау және жүйелік жақсарту функцияларын орындау арқылы Агенттік қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін құрылады.

1.3. Қадағалаушы кеңесі Сапаны қамтамасыз ету жүйесіне (сапаны қамтамасыз ету ішкі жүйесі) кіретін, Агенттіктің алқалық бақылау және кеңесші органы болып табылады.

1.4. Қадағалаушы кеңес тікелей Агенттік Құрылтайшысына есеп береді. Өз қызметінде Қадағалаушы кеңес Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім беру және аккредиттеу сапасына қойылатын халықаралық талаптарды, Агенттік жарғысын, осы Ережені және Агенттік Құрылтайшысы шешімдерін басшылыққа алады.

1.5. Қадағалаушы кеңестің қызметі Агенттік және оның Құрылтайшысының мүдделерін барынша сақтау қағидасы негізінде құрылады.

1.6. Қадағалаушы кеңесі Агенттік директорымен, Аккредиттеу кеңесімен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен, мүдделі ведомстволар мен өзге ұйымдармен өзара іс-қимыл етеді.

1.7. Қадағалаушы кеңес мүшелері өз функцияларын өтеусіз негізде жүзеге асырады.

1.8. Ешбір тұлға (тұлғалар тобы) Қадағалаушы кеңес шешімдерін қабылдауға әсер етпеуі тиіс.

1.9. Өндірістік қажеттілік жағдайында Агенттік Қадағалаушы кеңес мүшелерінің іссапар шығындарын өтеу мүмкін.

## **2. Қадағалаушы кеңес құзыреттілігі**

2.1. Қадағалаушы кеңес құзыреттілігіне:

1) Агенттікті дамыту Стратегиясын (Стратегиялық жоспарын) қарастыру және келісу;

2) Агенттік қызметінің басымды бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу және көмек көрсету;

3) Агенттікті дамыту Стратегияларын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу және іс-шаралар жоспарларын келісу;

4) уәкілетті органға және шетел аккредиттеу органдарына ұсынылатын, Агенттіктің қызметі туралы басты құжаттарды қарастыру, олар бойынша тиісті ұсыныстарды әзірлеу;

5) Агенттіктің қызметі туралы жылдық есептерді және кейінгі кезеңге жоспарларды қарастыру және келісу;

6) Аккредиттеу кеңесі және Агенттіктің апелляциялар мен шағымдарды қарастыру жөніндегі комиссия туралы ережелерді қарастыру және келісу;

7) Құрылтайшының және Агенттік атқарушы органның ерекше құзыреттілігіне жатпайтын, өзге сұрақтар жатады.

2.2. Қадағалаушы кеңес Агенттік Құрылтайшысының тапсырмасы бойынша, шешімді қабылдау Құрылтайшының ерекше құзыреттілігіне жатпайтын, кез-келген мәселені қарастыруды қабылдауға құқылы (мұндай сұрақтар бойынша Қадағалаушы кеңес тек шектеулі кеңес көмегін көрсете алады).

2.3. Қадағалаушы кеңес өз құзыреттілігі шеңберінде Агенттік директорын және Аккредиттеу кеңесі төрағасын тыңдауға құқылы.

2.4. Өз құзыреттілігі шеңберінде өз функцияларын орындау және қарастыруға қабылданған мәселелерді шешу үшін, Қадағалаушы кеңес кедергісіз Агенттік және оның құрылымдық бөлімшелерінің тиісті құжаттамасымен танысуға құқылы. Агенттік директоры арқылы жіберілген, Қадағалаушы кеңестің талабы бойынша, Агенттік органдары мен құрылымдық бөлімшелері Қадағалаушы кеңестің құзыреттілігіне жататын,

мәселелер бойынша ақпаратты ұсынуға міндетті. Қадағалаушы кеңеске ақпаратты ұсынудан бас тарту жағдайлары (күжаттар, материалдар көшірмелері) және олардың негізделуі Қадағалаушы кеңестің және Агенттік Құрылтайшысы отырысының қарастыруына шығарылуы мүмкін.

### **3. Қадағалаушы кеңес құрамы**

3.1. Қадағалаушы кеңес Агенттік Құрылтайшысымен 3 (үш) жыл мерзімге бекітіледі және 5 (бес) адамнан кем емес, мүшелердің тақ санынан тұрады.

3.2. Қадағалаушы кеңес мүшесі ретінде оның жұмысына жеке өзі қатысатын жеке тұлға да, оның жұмысына өз өкілі арқылы қатысатын, заңды тұлға да бола алады. Қадағалаушы кеңес мүшесі бір уақытта Агенттіктің атқарушы органының мүшесі немесе оның штаттық қызметкері бола алмайды.

3.3. Қадағалаушы кеңес құрамына ерікті түрде елдің ғылыми, педагогикалық, қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, мемлекеттік басқару органдарының және мемлекеттік емес ұйымдар өкілдері, бизнес-қоғамдастықтар және қызметтің әр түрлі салалары ұйымдарының, соның ішінде шетел мемлекеттердің өкілдері қатыстырыла алады.

3.4. Қадағалаушы кеңес отырыстарында міндетті түрде Агенттік директоры қатысады және Агенттік Құрылтайшысы қатысуға құқылы.

3.5. Қадағалаушы кеңесті Төраға басқарады.

3.6. Төраға Қадағалаушы кеңесі мүшелері арасынан дауыстардың көпшілігімен 3 жыл мерзімге сайланады. Қадағалаушы кеңестің сайланған мүшелері құрамынан дауыстардың көпшілігімен, дәлелді себептермен жоқ болған жағдайда Төрағаның функцияларын атқаратын тұлға сайланады.

3.7. Қадағалаушы кеңес мүшесі Қадағалаушы кеңесіне жазбаша өтініш жазу негізінде өз міндеттерін бұдан әрі атқарудан кез-келген кезде бас тарта алады. Қадағалаушы кеңес мұндай мүшесінің өкілеттігі аталған хабарландыруды алған уақыттан бастап тоқтатылады.

3.8. Агенттік құрылтайшысы кез-келген уақытта Қадағалаушы кеңес барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттігін мезгілінен бұрын тоқтатуға құқылы. Қадағалаушы кеңес барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттігі Құрылтайшы шешімді қабылдау уақытынан бастап тоқтатылады.

3.9. Қажет болған жағдайда Агенттік Құрылтайшысы Қадағалаушы кеңес құрамына жеке мүшелерді қосымша тағайындауға құқылы.

### **4. Қадағалаушы кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

4.1. Қадағалаушы кеңес мүшелері:

1) Төрағаға отырыстың болжамды күн тәртібімен жазбаша хабарламаны жолдау арқылы Қадағалаушы кеңес отырысын шақыртуды талап етуге. Қадағалаушы кеңес Төрағасы дәлелді себептермен жоқ болу немесе отырысты шақыртудан Төраға бас тарту жағдайында, бастамашы

көрсетілген талаппен, қадағалаушы кеңес отырысын шақыртуға немесе одан бас тартуға құқылы Агенттік құрылтайшысына жүгінуге құқылы;

2) Қадағалаушы кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ескертулер мен ұсыныстар енгізуге;

3) Қадағалаушы кеңес қарастыратын күн тәртібінің мәселелері бойынша өз пікірін білдіруге. Шешім жобасымен келіспеген жағдайда, Қадағалаушы кеңес мүшесі өз пікірін (ерекше пікірін) жазбаша түрде баяндауға құқылы;

4) талқылауларға қатысуға және Қадағалаушы кеңестің отырыстарына қатысатын, баяндаушыларға сұрақтар қоюға;

5) Қадағалаушы кеңес қызметінің кез-келген сұрақтары бойынша ұсыныстар енгізуге және оларды Агенттік Төрағасы және (немесе) Құрылтайшысына жолдауға құқылы.

#### 4.2. Қадағалаушы кеңес мүшелері:

1) өз қызметін, қазақстандық білім беру сапасын жоғарлату мүддесінде, сондай-ақ Агенттік және оның Құрылтайшысының мүддесінде адал және жауапты жүзеге асыруға, Қадағалаушы кеңес отырысын шақыртуды бастамашылық ету, Төрағаға хабарлау арқылы немесе өзге қолжетімді тәсілмен Агенттікке залал келтірудің алдын алу үшін қажетті шараларды қолдануға;

2) ол, Агенттік және оның Құрылтайшысы арасында мүдделер қайшылығын тудыратын немесе тудыруы ықтимал, әрекеттерден бас тартуға, ал мұндай қайшылық бар болуы немесе туындаған жағдайда ол туралы ақпаратты Қадағалаушы кеңесіне жариялау;

3) Қадағалаушы кеңес отырыстарының жұмысына қатысу. Отырысқа қатысуға мүмкіндік болмаған жағдайда, Қадағалаушы кеңес мүшесі алдынала Төрағаға себептерін түсіндіріп хабарлайды;

4) Қадағалаушы кеңес мүшесінің міндеттерін атқару кезеңінде және осы міндеттері аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде Агенттік туралы құпия ақпаратты жарияламауға және жеке мүддесі мен үшінші тұлғалар мүддесіне пайдаланбауға;

5) Агенттік мүлігін Жарғыға, Құрылтайшының шешімдеріне және жеке мақсаттарында пайдаланбауға немесе пайдалануға жол бермеуге міндетті.

#### 4.3. Қадағалаушы кеңес төрағасы:

1) Қадағалаушы кеңес отырыстарын шақыртады, Қадағалаушы кеңес отырысының түрін, күнін, өткізу уақыты мен орнын, оның күн тәртібін белгілейді, қарастырылатын сұрақтар бойынша қажетті материалдарды ұсынуға шараларды қолданады, отырыстарда төрағалық етеді;

2) Қадағалаушы кеңес мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттілік және жауапкершілік аясын бөліп таратады;

3) Қадағалаушы кеңестің Құрылтайшы, атқарушы органы, ведомстволар және өзге ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен баспасөз-қызметтерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

4) Қадағалаушы кеңестің қызметіне қатысты, барлық ағымдағы сұрақтар бойынша шешімдерді қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Агенттік Жарғысымен, ішкі құжаттарымен, осы Ережемен және Агенттік Құрылтайшысының шешімдерімен қарастырылған өзге функцияларды жүзеге асырады.

4.4. Қадағалаушы кеңестің төрағасы дәлелді себептермен болмаған жағдайда, оның функцияларын осы мақсаттарда сайланған Қадағалаушы кеңестің мүшесі уақытша атқарады.

## **5. Қадағалаушы кеңес регламенті**

5.1. Қадағалаушы кеңес, егер Қадағалаушы кеңес отырысында оның мүшелерінің жартысынан көп бөлігі қатысқан жағдайда шешім қабылдауға құқылы. Объективті себептермен кейбір мүшелер жоқ болған жағдайда Қадағалаушы кеңес Төрағасының немесе Агенттік Құрылтайшысының шешімі бойынша байланыстың интерактивті құралдарын пайдаланумен (бейнеконференция, бейне-қоңырау салу, Skype және басқа) олардың қатысуы ықтимал.

5.2. Қадағалаушы кеңестің отырысы оның Төрағасының бастамасы бойынша немесе Агенттік Құрылтайшысының шешімі бойынша шақыртылуы мүмкін, бірақ жылына бір реттен сирек емес.

5.3. Қадағалаушы кеңестің отырысын өткізу туралы хабарландыру тәртібі Қадағалаушы кеңестің қайта бекітілген құрамының бірінші отырысында келісіледі.

5.4. Қадағалаушы кеңестің мүшесі Агенттік Қадағалаушы кеңесінің Төрағасына оның Қадағалаушы кеңес отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын-ала хабарлауға міндетті.

5.5. Құрылтайшының, Агенттік директорының бастамасы немесе Қадағалаушы кеңес мүшелерінің талабы бойынша Төраға, Қадағалаушы кеңестің барлық қатысушы мүшелері келіскен жағдайда, отырыста күн тәртібіне кіргізілмеген сұрақтарды қосымша қарастыруға құқылы.

5.6. Қадағалаушы кеңеске қарастыруға шығарылатын, сұрақтар бойынша қажетті материалдарды, Агенттіктің атқарушы органы ұсынады және осы мәселеге жауапты тұлғасы дайындайды. Қадағалаушы кеңестің отырысына материалдар, Қадағалаушы кеңес шешім қабылдау үшін қажетті барлық ақпараттан тұруы тиіс.

5.7. Қадағалаушы кеңес әр мүшесінің бір дауыс беру құқығы бар. Қадағалаушы кеңес қарастыратын сұрақтар бойынша шешімдер, Қадағалаушы кеңестің отырысында қатысушылар дауыстарының көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қадағалаушы кеңес Төрағасының немесе дәлелді себептермен болмаған жағдайда, Төрағаның функцияларын атқаратын тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

5.8. Бетпе-бет тәртіпте өткізілген, Қадағалаушы кеңестің отырысында қабылданған шешімдері, Төраға немесе отырысқа қатысып төрағалық еткен тұлға және отырыс хатшысы қол қойған, хаттамамен ресімделеді.

5.9. Төрағаның қарауы бойынша Қадағалаушы кеңесте қарастыруға шығарылған, мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау, сырттай дауыс беру арқылы ықтимал. Қадағалаушы кеңестің сырттай отырыс шешімдері, хаттамаға қоса берілетін, Қадағалаушы кеңес мүшелері қол қойған бюллетендер негізінде, хаттама түрінде ресімделеді. Хаттамаға Қадағалаушы кеңес Төрағасы мен хатшысы қолдарын қояды.

5.10. Қадағалаушы кеңес отырыстарының хаттамалары (шешімдері) Агенттік мұрағатында сақталады.

5.11. Қадағалаушы кеңес хатшысы Агенттік Құрылтайшысының ұсынысы бойынша Агенттік қызметкерлері арасынан Қадағалаушы кеңес мүшелерімен сайланады. Қадағалаушы кеңес хатшысында Қадағалаушы кеңес мүшелерінің өкілеттігі жоқ және дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беру құқығы жоқ.

Қадағалаушы кеңестің әр отырысына хатшы күн тәртібі бойынша материалдары қоса беріп күн тәртібін жасайды. Қадағалаушы кеңес отырысында хатшы хаттаманы жүргізуге жауапты. Хаттама отырысты өткізгеннен кейін бес күннен кешіктірмей ресімделеді және оған Қадағалаушы кеңес Төрағасы мен хатшы қолдарын қояды.

Қадағалаушы кеңестің хатшысы Агенттік Қадағалаушы кеңесі отырысының хаттамасында көрсетілген, мәліметтердің толықтығы мен анықтығына жауапты.

5.12. Қадағалаушы кеңес хатшысы Агенттік Құрылтайшысының және (немесе) Қадағалаушы кеңес мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін сырттай дауыс беру арқылы қабылданған, Қадағалаушы кеңес отырысының хаттамасын (шешімін) ұсынуға және (немесе) өз қолымен және Агенттік тиісті мөрі басылып куәландырылған хаттамадан (шешімнен) үзінді көшірмелерді беруге міндетті.

## **6. Қадағалаушы кеңестің шешімдері орындалуын бақылау**

6.1. Қадағалаушы кеңес шешімдері орындалуын бақылау Қадағалаушы кеңестің тиісті шешімдерімен тағайындалған, орындаушылардан Қадағалаушы кеңесіне есептерді ұсыну арқылы қамтамасыз етіледі.

6.2. Қадағалаушы кеңес шешімдерін орындауды ұйымдастыруды Агенттіктің атқарушы органы қамтамасыз етеді.

6.3. Қадағалаушы кеңесі белгілеген мерзімдерде, Агенттіктің атқарушы органы Қадағалаушы кеңестің шешімдерін орындау туралы есептерді ұсынады.

6.4. Агенттіктің атқарушы органы ұсынған есептерді қарастыру қорытындылары бойынша Қадағалаушы кеңес Агенттіктің Құрылтайшысына қажетті ақпаратты енгізеді. Қадағалаушы кеңес сонымен қатар өз өкілеттігі шеңберінде атқарушы органына қажетті тапсырмаларды беруге құқылы.

6.4. Қадағалаушы кеңестің хатшысы Агенттік органдарына қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды хабарлайды және

Қадағалаушы кеңестің шешімдерін орындау бақылау мерзімдері туралы Қадағалаушы кеңесіне хабарлайды.

## **7. Қадағалаушы кеңестің жұмысын тоқтату**

7.1. Қадағалаушы кеңес кезекті құрамының жұмысы Агенттік Құрылтайшысының өкімі бойынша оның өкілеттігін тоқтату уақытынан бастап тоқтатылады. Қадағалаушы кеңестің жаңа құрамы өз жұмысын Агенттік Құрылтайшысы оны бекіту уақытынан бастайды.

7.2. Қадағалаушы кеңестің қызметін тоқтату:

- 1) Агенттік Төрағасының шешімі бойынша;
- 2) Агенттікті жою немесе қайта құру кезінде жүзеге асырылады.

